## ТУҒАН ЖЕРДІҢ

**ШЕКАРА ШЕБІНДЕ ЖҮРУ –**

*әркімге бұйырмайтын бақ!*



instagram

8 7142 520 428
8 7142 520 484

Байланыс телефондары

сайт



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ ШЕКАРА АКАДЕМИЯСЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі ҰҚК Шекара академиясына, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Түрік Республикасының әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеуді жүзеге асырады.

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА:

- орта немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, әскери қызмет өткермеген, оқуға түсетін жылы 17 жасқа толған, бірақ 21 жастан аспаған азаматтар;
- оқуға түсетін жылы 24 жасқа толмаған, әскери қызмет не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар және шақыру бойынша мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер;
- оқуға түсетін жылы 25 жасқа толмаған, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жүрген қызметкерлер қабылданады.

## ОҚУҒА ТҮСУГЕ КАНДИДАТТАРДЫ ІРІКТЕУ КЕЛЕСІ ТӘРТІППЕН ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

- оқуға түсуге қажетті құжаттарды қабылдау;
- медициналық куәландырудан өту;
- дене шынықтыру дайындығы деңгейін тексеру;
- кәсіби жарамдылығын тексеру;
- психологиялық жарамдылығын тексеру;
- арнайы тексеруден өту (мерзімі 3-4 ай көлемінде).

## ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША КАНДИДАТТЫҢ РЕЙТИНГІ НЕГІЗІНДЕ ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

Кандидаттың рейтингі Ұлттық бірыңғай тестілеудің (50 баллдан кем емес және әр пән бойынша 5 балдан кем емес, ал дәрігерлік мамандықтарға 70 баллдан кем емес) баллдары мен соңғы кәсіби іріктеу деректерін қосу арқылы айқындалады.

## ӨТІНІШКЕ (БАЯНАТҚА) ҚОСЫМША МЫНАЛАР ҰСЫНЫЛАДЫ:

- жалпы орта білімі туралы қосымшасымен бірге аттестат көшірмесі немесе техникалық және кәсіби білімі туралы не болмаса орта білімнен кейінгі білім туралы қосымшасымен бірге диплом көшірмесі;
- бекітілген анықтама нысанына сәйкес жалпы орта, техникалық және кәсіби білім алуды, сондай-ақ орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама (түпнұсқа);
- жеке басын куәландыратын құжат (көшірме);
- туу туралы куәлік (көшірме);
- алты фотосурет (бас киімсіз, көлемі 4,5 х 6 см);
- өмірбаян және сауалнама (түпнұсқа).

## ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР:

- айсайынғы ақшалай төлемақымен;
- қызмет өткеру кезеңінде қызметтік тұрғын-үймен немесе ҚР заңнамасына сәйкес тұрғын-үй төлемдерімен (әскери қызметке шақырылған күннен бастап);
- БҰЗФ міндетті түрде төлем ақысыз;
- жылсайынға ақшамен өтемелі демалыспен;
- киім-кешекпен;
- тегін дәрігерлік қызмет көрсетумен;

Оқу орындарын бітіргеннен кейін курсанттарға «лейтенант» әскери атағы беріліп, ҰҚК Шекара қызметінің бөлімшелерінде жұмыспен қамтамасыз етіледі.

